

7. Адигамова Г.З. Следственные действия — способ установления истины по уголовному делу // Проблемы противодействия преступности в современных условиях: Материалы междунар. науч.-практ. конф. 16–17 октября 2003 г. — Ч. III. — Уфа: РИО БашГУ, 2004. — С. 3–9. — 224 с.
8. Следственный комитет МВД Республики Казахстан. Пресс-релиз о встрече с личным составом ДВД г. Астаны, Акмолинской области и ЦДВДТ.
9. Конференция «Наша служба...» // Режим доступа: <http://law-enforcement.ru>

ӘОЖ 343.342 (574)

Қылмысты ұйымдастыруы үшін қылмыстық жауаптылықтың кейбір мәселелері

Өзбеков Д.Ө.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

В целях обеспечения эффективности борьбы с преступлениями, совершаемыми при соучастии, автор выдвигает ряд аргументированных предложений по совершенствованию УК РК и обозначению роли организатора при квалификации преступлений, а также дифференциации и индивидуализации наказания.

In order to ensure the effectiveness of combating crimes committed during soucha-stii, the authors put forward a number of well-reasoned proposals for the improvement of the Criminal Code of RK and designation of the role of organizer for the crimes, as well as the differentiation of dissociation and the individualization of punishment.

Қылмысқа қатысушылардың қылмыс істеген кездегі әрқайсысының атқарған міндеттерінің түріне қарай бірінен-бірінің өзгешеліктері болады. Бұл өзгешеліктерді ажыратпайынша олардың әрқайсысының қылмысқа қатысу дәрежесін, оған байланысты қолдануға жататын жазаның шамасын белгілеу мүмкін емес.

Бір ғана қылмысқа қатысушылардың іс-әрекеттері абсолютті түрде бірыңғай болуы мүмкін емес. Олардың арасындағы ерекшеліктерді анықтауға біздің қылмыстық заңдылығымыз бен құқық теориясы үлкен маңыздылық береді. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 28-бабының мәні бойынша қылмысқа қатысушылардың қылмыстарын саралау олардың функцияларының өзіне тән ерекшеліктерін алдын ала анықтауды талап етеді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 28-бабында көрсетілгендей, олардың қылмысқа қатысу сипаты мен деңгейін есепке алу қажет. Басқа сөзбен айтқанда, бірлескен қылмыстық іс-әрекеттерді саралау мен жаза тағайындау, яғни қылмысқа қатысудың негізгі сұрақтарын шешу бірлесіп әрекет етуші тұлғаларды нақтылы түрге бөлусіз мүмкін емес.

Қылмысқа қатысу сипатына байланысты қатысушыларды төрт түрге бөлеміз: орындаушы, ұйымдастырушы, азғырушы, көмектесуші. Олардың әрбіреуінің іс-әрекетіне өзіндік белгілер тән, бұл белгілер заңның әр түрлі нормаларында, Қылмыстық кодексінің 28–29-баптарындағы әр түрлі тармақтарда ашық көрсетілген. Қатысушылардың қатаң индивидуалды жақтарын заңда белгілеумен, олардың іс-әрекеттерін бөліп сипаттаумен қылмысқа қатысушылардың әрбір түрінің дербестігі көрінеді. Ғалым Ф.Г. Бурчактің пайымдауынша, «атқарушылық іс-әрекет қылмысқа қатысушының кез келген басқа іс-әрекетін өзіне жатқызады, ал алғашқыда ұйымдастырушы не айдап салушы болған, бірақ кейін қылмысты орындауға қатысқан тұлға тек орындаушы ретінде танылуы тиіс». Ол ұйымдастырушылық және айдап салушылық іс-әрекеттерді жауапкершілікті ауырлататын мән-жай ретінде қарастыруды ұсынады [1].

Жоғарыда көрсетілгендей, қылмысқа қатысушылардың рөлдерінің бірін-бірі қамтуын қауіпті бір іс-әрекеттің екіншісін қамтуы туралы, егер олардың біреуі екіншісінің конструктивті белгісі болып табылса ғана айтуға болады. Ұйымдастырушының, айдап салушы мен қылмысқа көмектесушінің іс-әрекеті заңмен сипатталған орындаушының функцияларына кірмейді. Олардың бір-бірін өзара қамтуы қоғамдық қауіптілік деңгейі бойынша қылмысқа қатысушылар түрлерінің бір-біріне өзара

қатысуына жауап бермес еді. Мысалы, айдап салушы қылмыстық жолға бірнеше адамды түсірген соң, қылмысты орындауға елеусіз рөл атқаруы мүмкін. Ал оны тек орындаушы ретінде тану оның шынайы рөлін сипаттай алмас еді.

Ұйымдастырушы функциясын орындаушылық іс-әрекеттерге кіргізе салу тіптен негізсіз болар еді, өйткені ұйымдастырушылық қалған қатысушылар іс-әрекетіне қарағанда қауіптірек екені белгілі.

Бірнеше қатысушылардың рөлдерін бір тұлғада бірігуін ауырлататын мән-жай ретінде қатыстыру да заңсыз болар еді, өйткені Қылмыстық кодекстің 54-бабындағы жауапкершілікті ауырлататын мән-жайлар санатында мұндай жоқ.

Жоғарыда айтылғанның барлығы қатысушылардың әр түрлерінің өзара қатысын ең үстінде орындаушы тұратын иерархиялық саты ретінде қарастыруға болмайтынын көрсетеді. Олардың біреуінің іс-әрекетін, екіншісінің іс-әрекетін өзіне қамти алмайды.

Қатысушылардың түрлері, Қылмыстық кодекстің 28-бабының 2–5-тармақтарына қарасақ, бірыңғай саралаушы өлшем бойынша, атқаратын функцияларының сипаты бойынша жіктелген. Қылмысқа қатысу деңгейі кінәлінің белсенділігі мөлшерін көрсетеді, ол бірлескен іс-әрекеттегі тұлғаның рөлінің сандық сипаты болып табылады.

Бірақ белсенділігі және қылмысқа қатысу деңгейі бойынша бірлесіп әрекет етуші тұлғаларды бөлу, оларды түрлері бойынша саралауға қарағанда өзгеше мәнге ие. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 29-бабының 1-тармағына сәйкес қылмысқа қатысушылардың ісі бойынша олардың әрбіреуінің қылмысқа қатысу деңгейін ашу, айқындау қажет. Бұған байланысты олардың сипатымен қылмысқа қатысу деңгейі бойынша бөлу бір-бірімен тығыз байланысты. Оның сыртында, қылмысқа қатысушылар түрі бойынша бөлу олардың қылмысқа қатысу деңгейін анықтау мәселесінен шығады. Кез келген қатысушыларды түрі бойынша тарату олардың белсенділік деңгейі бойынша ара қатынасын ашып көрсете алмайды. Әдеттегі бәрінен де салбыр әрекет ететін қылмысқа көмектесуші кей кездерде қылмысты орындаушы мен оны айдап салушымен қарағанда белсенділік әрекет етіп кетуі мүмкін. Мысалы, У. мөрлер мен штамптарға ие бола отырып, жүйелі түрде басқа тұлғаларға зейнетақы алуға деген жалған құжаттар жасаған. Оның әрекетімен келтірілген залал мыңдаған теңгемен есептелген, ал қылмысты орындаушылардың кез келгенінің әрекетінен келген дербес залал мөлшері аса көп болмаған. Орал қалалық соты У. қылмысқа көмек көрсету әрекетін өзге қатысушылар әрекетіне қауіптірек деп дұрыс саралаған [2]. Бұл мысалдан көріп отырғанымыздай, қылмысқа қатысушының іс-әрекетінің қоғамға қауіптілігін сипаттау тек олардың түрлерін көрсетумен жүзеге асырыла алмайды. Сондықтан да Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 28-бабы кінәлілердің қылмысқа қатысу деңгейі бойынша бөлінуін қажет етеді.

А.А. Пионтковский кінә деңгейі бойынша басты және екінші деңгейдегі қылмысқа қатысушыларды бөліп көрсетуді ұсынған [3; 167]. Практика және теорияда бірлесіп әрекет етуші тұлғаларды қылмысқа қатысу деңгейі басты және екінші деңгейдегілерге бөлудің бірыңғай тенденциясынан көрінеді.

Бұл бөлу Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 29-бабына жауап бере алады және бірлескен қылмыстық әрекеттің қатысушыларын белсенділік деңгейі бойынша тарту мүмкіндігін жалпы сипатта көрсетіп береді. Қылмысқа қатысушылардың қайсысы басты орын, ал қайсысы екінші деңгейдегі орын алатындығын алдын ала анықтау мүмкін емес. Өйткені бір ғана түрге жататын қылмысқа қатысушының іс-әрекетінің қоғамға қауіптілігі әрбір нақты жағдайдағы ерекшелігіне байланысты өзгеріп отырады.

Осы жоғарғы айтылғандарға байланысты, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 28–29-баптарына сәйкес бірлескен қылмыстық іс-әрекеттерді тергеу үрдісінің соттық қарау барысында әрбір қылмысқа қатысушыға байланысты төмендегі екі жағдайды анықтау қажет:

- а) қылмысқа қатысушы тұлғаны қатысушылардың заңда көрсетілген қай түріне жататындығын;
- ә) сол қатысушыға фактілі түрде тиісті болған басты немесе екінші деңгейдегі рөлді анықтау.

Бірлескен қылмыстағы іс-әрекетінің фактілік үлесімен үлестің салмағын қылмысқа қатысу деңгейі сипаттайды. Маңызды мөлшерде қылмысқа қатысушының функциясы алдын ала анықталады: әдетте қылмыстың жасалуына басқа қылмысқа қатысушыларға қарағанда қылмысты ұйымдастырушы тұлға көп үлес қосады, қылмысты орындаушы мен қылмысқа азғырушы қылмысқа көмектесушімен салыстырғанда белсендірек әрекет етеді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 28-бабының 3-бөлігіне сәйкес ұйымдастырушы ретінде қылмыстың жасалуын ұйымдастырған немесе оның орындалуын басқарған,

сонымен қатар ұйымдасқан топ немесе қылмыстық қауымдастықты құрған немесе оны басқарған тұлға танылады.

Қазақстанда және басқа да елдерде қылмысты ұйымдастырушылардың, қылмыс әлемі жетекшілерінің әрекетімен, жоғары дәрежеде ұйымдасқан қылмыстылық пайда болып, тамырын тереңге жая түсуде. Қазіргі уақыттағы қылмыстылық, қылмыстық бірлестіктерге қатысушылардың жоғарғы деңгейдегі қоғамға қарсы белсенді әрекеттерімен сипатталады. Бұл қылмыстардың қоғамдық қауіптілігі тек қана олардың жасалу механизмінде ғана емес, сонымен қатар қылмыстық әлем жетекшілерінің қоғамдағы экономикалық, әлеуметтік салалардың реттелуіне кедергі келтіруінде.

Қылмыскерлердің ұйымдасу деңгейі неғұрлым жоғары болса, жасалатын қылмыстарға дайындалу және олардың жасырындылығы соғұрлым жоғары. Сонымен бірге қылмыстылықтың күрделі ұйымдасқан құрылымдарының ұйымдастырушылары, қылмыстық заңның әсер ету мүмкіншілігінен тыс қалып отыр. Ұйымдастырушы қылмыстық іс-әрекеттерді ұйымдастырып, қылмыстық идеологияны ұстанушылардың қоғамға қауіптілігін арттырып, қылмысты жасауға өзі қатыспай, жазадан құтылмаушылық қағидасынан шет қалуда.

Осы мәселеге байланысты құқық қорғау органдарының жедел іздестіру қызметкерлері мен тергеушілерге сауал қою нәтижесінде олардың 78,6% қылмыстық әрекеттердің ұйымдастырушыларын қоғамдық қауіпті тұлға ретінде санап, мұндай адамдардың ұйымдастырушылық әрекеттерін жүзеге асырғандары үшін сот-тергеу тәжірибесінде қылмыстық жауаптылыққа өте сирек тартылатындығын атап көрсеткен.

Қылмысты ұйымдастырушы — қылмысқа қатысудағы ең қауіпті тұлға. Қылмыскерді топтастырып, ынсапсыз тұлғалардың санасын уландырып, олардың күші мен еркін қоғамға залал келтіретін жолға бағыттайды. Ұйымдастырушы қылмысқа қатысушылардың күшін біріктіріп, қарсылық пен ұйымшылықты енгізеді. Оның қылмыстық топта алатын орнын және әлеуметтік психологиялық бағасын есепке алатын болсақ, ұйымдастырушының өз ортасындағы лидерлік сипатына көз жеткізуге болады.

Әлеуметтік психологияда топтағы лидер ретінде белгілі бір арнайы, елеулі жағдайларда ресми жетекші рөліне спонтанды түрде шығарылатын топ мүшесі саналады. Ол өз ортасында ортақ нәтижеге жету үшін ұжымдық іс-әрекетті ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Қылмыстық топта лидердің шығуы стихиялы түрде, оның дамуы және әрекет ету мөлшері бойынша жүзеге асады және бұл жерде екі фактор орын алады — объективтік және субъективтік. Объективтік фактор мына жағдайдан құралады. Қылмыстық топ лидері ретінде қандай мүше оның іс-әрекеті үшін «пайдалы» болса және қылмысты жасаумен дайындауда ең жақсы тұрғыда өзін көрсете білсе, топтың сол мүшесі стихиялық түрде лидерлікке шығарылады. Қылмыстық топта лидер функциясын жүзеге асыруға қажетті жеке сапаларға ие тұлғалардың лидер ретінде таңдап алынуы оның субъективтік факторын құрайды. Әдетте лидерлікке шығарылатындар ең белсенді, жігерлі, шешімді, ой-өрісі өзгелерінен жоғары, өмірлік және қылмыстық тәжірибесі мол өзгелерді өзіне бағындыра білетін адамдар болып келеді [4; 37].

Бірақ қылмыстық топта лидерді шығару оның қандай да бір ерекше қасиеттеріне байланысты болады деп санау орынсыз.

Жеке қасиеттерінің бұл жерде маңызын жоққа шығаруға болмайды, өйткені олар қылмыстық топтың алдында тұрған мәселелерді шешу үшін қажет.

Лидердің шығуы бірте-бірте қылмыстық топтың дамуымен әрекет етуі бойынша жүзеге асады. Психологиялық дамуы төмен қылмыстық топтарда кездейсоқ және күтпеген лидердің алға шығу үрдісі тек басталып келе жатады және аяқталуға үлгірмейді. Лидер тек белгілі топты қылмыс оқиғаларында көрінуі мүмкін. Қылмыстық топтың өзге мүшелері, сонымен қатар оның өзі де оны лидер ретінде тани қоймайды. Басқа оқиғаларда лидер функциясын болашақ лидер емес, басқа біреудің де атқаруы мүмкін.

Топтағы даму үрдісіне қылмыстың инициаторы рөлін атқаратын, моральден ада және тәжірибелі қылмыскердің ядросы айқынырақ көріне бастайды және тек психологиялық даму деңгейі жоғары қылмыстық топтарды ұйымдасқан қылмыстық топтар мен қылмыстық ұйымдар лидерлік феномені оның классикалық түрінде сипатталған. Бұл топтарда лидерлікке бейімділігі бар және осы бейімділігі әр сәтте көрсетіп тұратын тұлғадан шынайы жетекшіге, ешқандай маңызды мәселе оның қатысуынсыз шешілмейтін қылмыстық топтың ұйымдастырушысына дейінгі жолдан өту есептеледі [5; 78].

Лидер қылмыстық топтық қылмыстық іс-әрекеттеріне пайдасыз бола бастаған сәттен бастап, оның өзгеге ауыстырылу қажеттігі туады. Әрине, лидердің ауысуы ықпал үшін тегеуірінді күреспен қатар жүреді. Кейде бұл топтың қарауына және топ ішіндегі жанжалға алып келеді.

Қылмыстық топтың лидері белгілі бір функцияларды атқарады: ұйымдастырушылық, ақпараттық, стратегиялық, нормативті-құндылықты және тәртіптік (дисциплинарлық). Ұйымдастырушылық функция шын мәнінде лидердің барлық топтың қылмыстық іс-әрекеттерін ұйымдастыруы мен оның өзін жасыруды дайындауы қалыптастыруынан көрінеді.

Лидердің ақпараттық функциясы оның ұйымдастырушылық функциясымен байланысты. Қылмыстық топтық әрекет етуі үшін қажетті жаңа ақпаратсыз оның тіршілік етуі мүмкін емес. Лидер қажетті ақпараттың түсуін ұйымдастырып, оған анализ жасайды және керек жағдайларды топтың өзге мүшелеріне береді. Ақпараттық функцияны жүзеге асыра отырып, лидер екі бағытта әрекет етеді: сырттан ақпаратты алады және топтың өзінің ішкі өмірі туралы мәліметтерді (топтың көңіл-күйі, мүшелердің арасындағы қарым-қатынасы және т. б. туралы) жинайды. Бұл функция лидерге әрқашан жағдаймен санасуға және топ әрекетін бақылауға алуға жәрдем етеді.

Лидердің стратегиялық функциясы топтың оның идеяларын ұстануынан, оның жоспарларын жүзеге асыруынан көрінеді. Басқа топ мүшелеріне қарағанда лидер топтың мәселелері мен мүмкіндіктерін жақсы біледі, болуы мүмкін қиындықтар мен кедергілерді алдын ала болжап отырады.

Қылмыстық топтың сәтті іс-әрекеті үшін лидердің нормативті-құнды функциясының жүзеге асырылуының елеулі маңызы бар. Ол қылмыстық топтағы жүріс-тұрыс шектері мен нормаларын анықтап, тыйым салынатын нәрселерді бекітеді және оларды бұзғаны үшін сәйкес санкцияларды қолданып отырады. Лидер тұлғалығымен, оның жүріс-тұрысы, көзқарастарымен қылмыстық топтың өзге мүшелері өз қылықтарын салыстырып барып істерін жүзеге асырады. Лидер қылмыстық топ мүшелерін көзқарастары мен позицияларында бірыңғайлықтың қалыптасуына белсенді түрде қатысады, бұл жоспарланбаған, күтпеген, тәуекелмен және қауіптілікпен байланысты жағдайда топтағы әрекет пен қылықтардың бірыңғайлығын қамтамасыз етеді.

Қарастырылған функция мен тәртіптік функция тығыз байланысты. Қабылданған жүріс-тұрыс ережелерін бұзған қылмыстық топтың мүшелері қатаң түрде жазалануға жатады. Көбіне лидердің өзі жазалау түрін, оны жүзеге асыру жолы мен оның орындаушысын және жағдайларын анықтап бекітеді. Әсіресе бұл функция ұйымдасқан топтар мен қылмыстық ұйымдар үшін ерекше маңызды рөл атқарады, өйткені бұл топтарда жүріс-тұрыс нормалары психологиялық дамуы төмен топтарға қарағанда қатаңырақ болады. Осыған орай олардағы жазалау шараларындағы айырмашылықтар бірден көрінеді: егер психологиялық төмен қылмыстық топтың жетекші ядросы өз қатарларынан «конвенцияны бұзушыны» жай ғана қуып жіберетін болса, ол ұйымдасқан топтарда және қылмыстық топтарда іс кінәліні физикалық жазалау мен не оның өлімімен аяқталуы мүмкін. Сот практикасында дайындалып жатқан қылмыстың сәтсіздікке ұшырау мүмкіндігі туралы айтқаны үшін және сонымен өзге қатысушылардың сенімділігін жойғаны үшін қылмыстық топтың лидері топ мүшесін өлтіргені туралы істер баршылық.

Лидердің тәртіптік функциясына топ ішінде жиі болып тұратын конфликтілерді де (жанжал) шешу міндеті кіреді. Ол әдетте «дұрыс жақ» пен «кінәлілер» (жанжалдағы) анықтамасын ұсынып «кінәлілерге» сәйкес санкцияны қолданады.

Жоғарыда айтқандардан көріп отырғанымыздай, қылмыстық топтағы лидер маңызы әлеуметтік-психологиялық функцияларды атқарады. Көбінесе лидердің арқасында топ жинақы болып, оның құрамы бірқалыпқа енеді, мүшелердің өзара қатынастары қалыптасады. Осының нәтижесінде жоғары психологиялық дамыған қылмыстық қауымдастық-ұйымдасқан қылмыстық топ немесе қылмыстық сыбайластық пайда болады.

К. Быковтың пікірінше, «әлеуметтік психологиядан лидерлерді бірнеше түрге бөліп ажыратады. Соған байланысты оларды қылмыстық топтарға қатысты қолданып көруге болады және сондай-ақ іс-әрекеттерінің мазмұны бойынша қылмыстық топтардың лидерлері мынандай үш түрге бөлінеді:

- а) шабыттандырушы лидер;
- ә) ұйымдастырушы лидер;
- б) аралас түрдегі лидер» [4; 38].

Шабыттандырушы лидер қылмыстық топқа өзінің әрекет ету бағдарламасын ұсынады, қылмыстық іс-әрекеттіліктің жүріс-тұрыс нормаларын, мақсаттары мен мәселелерін анықтайды. Бағдарламаны ұсына отырып, ол нақты қылмысқа тікелей қатыспауы да мүмкін. Ұйымдастырушы

лидер қылмыстық топтың іс-әрекетін ұйымдастырып, дербес түрде жетекшілік етеді. Ол топпен жасалып, қабылданған бағдарламаны жүзеге асыруға күш салады. Аралас түрдегі лидер өзіне шабыттандырушы лидер мен ұйымдастырушы лидер элементтерін кіргізеді, яғни ол бағдарламаны ұсына отырып, сол уақытта оның орындалуын ұйымдастырады.

Сонымен қатар, оның пікірінше, қылмыстық топқа басшылық ету стилі бойынша лидерлердің мынадай түрлері ажыратылады:

- а) басшылық етудің авторитарлық әдістерін қолданушы лидер;
- ә) демократикалық стильді пайдаланушы лидер;
- б) жоғарыдағы екі әдісті де пайдаланатын лидер.

Авторитарлық лидерлер қылмыстық топтың өмірі мен іс-әрекетінде туған барлық мәселелерді жеке өзі шешеді, қатаң тәртіпті қолдайды және топпен қабылданған жүріс-тұрыс ережелері еш ауытқусыз орындалуын қадағалап отырады.

Авторитарлық лидер өзгелердің ақыл-кеңестері мен қарсы тұжырымдарын қабылдайды, барлық шешімдерді өзі дербес шығарады, ал қалғаны оның еркін орындауға тиіс. Оны тыңдамағандар қатаң түрде жазаланады.

Демократиялық лидер қылмыстық топтың өзге мүшелерінің ой-тұжырымдарын есепке алуға бейімделген. Мұндай лидер өзгелерінен ақыл-кеңес алуы мүмкін, бірақ ақырғы сөзді өзіне қалдырады. Топта моральдық сүйенуді қамтамасыз ету үшін ол өз шешімдерін көбіне бүкіл топ шешімі ретінде жариялайды. Аралас түрдегі лидер басшылық етудің авторитарлық әдістерін де қатаң қолданады.

Іс-әрекеттердің сипаты бойынша лидерлер әмбебап (универсалды) және жағдайлы (ситуативтік). Универсалды лидер өз қасиет сапалары мен лидерлік функцияларын ығи да көрсетіп отырады, ал ситуативтік лидер, мысалы, тек топтың немесе ұйымдасқан топты жасау жағдайында ғана әлгінде қасиеттерін байқатады. Ұйымдастырушының функциясының объективтік жағы екі түрлі әрекеттен көрінеді:

- а) қылмысты жасау үрдісіне басқа тұлғаларды тарату;
- ә) біріккен қылмысқа қатысушыларды басқару.

Тұлғаны қылмыс ұйымдастырушысы ретінде тану үшін осы әрекеттердің болуы жеткілікті [5].

Кейін қылмыс жасату мақсатымен өзге тұлғалардың күшін біріктіру кезінде ұйымдастырушы қатысушыларды таңдап, дайындайды, өз еркінің болашақ орындаушыларын іздейді, оларда қылмыстық іс-әрекеттердің әдет-дағдыларын дамытуға тырысады және т. б. Құрылған қатысушыларды басқару уақытында ұйымдастырушы олардың арасында функцияларды бөліп, қылмыс оқиғасы орнында басқа тұлғаларға басшылық етеді және тағы да басқа функцияларды атқаруы мүмкін. Аталған жағдайлардың екеуінде де қылмысты ұйымдастырушы қылмыстық іс-әрекеттерді біріктіруге күш салады. Ол қылмысқа қатысушылар ішінде бола отырып, сонымен қатар бағыт-бағдар көрсетіп басшылық ету функциясын жүзеге асыра отырып, көп жағдайларда ұйымдастырушы аталған екі іс-әрекеттерді де атқарады, яғни қылмысты ұйымдастырып, оны жасалуына, іске асыру үрдісіне жетекшілік етеді.

Көріп отырғанымыздай, ұйымдастырушының негізгі екі функциясы — қылмысқа қатысушылардың ұйымдастыруы мен басқаруы. Бірақ кейбір жағдайларда қылмысты ұйымдастырушы бұрыннан қалыптасып қойған қылмыстық топты басқарып, оның іс-әрекетіне жетекшілік етуі мүмкін. Қылмысты тікелей орындауға ұйымдастырушының қатысуы туралы сұрақтың теориялық және практикалық маңызы бар. Қылмыстық құқық курсына көрсетілгендей, «қылмыстық іс-әрекеттердің аса қауіпті нысандары мен бұл қылмыстардың ұйымдастырушылары қылмыс құрамына жататын іс-әрекеттердің орындалуына әдетте тікелей қатыспайтындығын байқатып отыр» [3; 114].

Шын мәнісіне келсек, қылмысты ұйымдастырушы, яғни қылмыстық топтағы лидер, қылмыстың тікелей орындалу үрдісінен шет қала отырып та өз рөлін атқара беруі мүмкін. Мұндай жағдайда ұйымдастырушының функциясын заң жүзіндегі анықтамасында да, яғни Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 28-бабының 3-бөлігінде, атап көрсетілген және бұл жағдай ұйымдасқан қылмыстық топ пен қылмыстық қауымдастыққа (қылмыстық ұйымға) қатысты айқындалған. Осыған байланысты ұйымдастырушы қылмыстың орындалуына тікелей қатыспаса да, сол қылмысты ұйымдастырғаны немесе басқарғаны үшін жауапкершілікке тартылады. Арнайы жағдайларда (мысалы, ҚР ҚК 235-б.) қылмысты ұйымдастырушы тұлға аталған әрекеттері үшін жеке қылмыс құрамын орындаушы ретінде жазаланады.

Қылмыстық топтың ұйымдастырушысы (лидері) мәселесін қарай отырып, оның алдын ала тергеудегі рөлі туралы сұрақты қарастыра кетейік. Өйткені бұл оның топтағы ықпалының деңгейін анықтауға жәрдем етеді.

Топтық және ұйымдасқан қылмыстарды тергеу кезінде тергеушіге ең алдымен қарсы тұратын тұлға-қылмыстық топтың лидері (ұйымдастырушысы). Тергеу уақытында лидер рөлі, практика көрсетіп отырғанындай, аяқталмағанымен қоймай, өсе түсуі мүмкін. Қылмыстық топ өз ұйымдастырушысымен (лидеріне, басшыларына) тергеу кезінде есептесуін тоқтатпайды: тергеушінің сұрақтарына лидер жауабы шегінде не соған сүйене отырып жауап береді. Тергеу әрекеттері алдымен қылмыс ұйымдастырушысын (лидерін) табуға, одан кейін қылмысқа қатысушылар арасындағы (топ мүшелері ішіндегі) өзара қарым-қатынас сипаттарын ашуға бағытталуы тиіс. Бұл жерде лидер мен топтың өзге мүшелері арасындағы қақтығыстар мен қайшылықтардың бар екендігін куәландыратын фактілерінің орны ерекше.

Тергеу практикасы көрсетіп отырғандай, қылмыстық топтың өзге мүшелері тез көз алдында лидердің абыройын төгіп, беделін түсіретін фактілерге негізделген тактикалық әдістер әсіресе тиімді болып табылады. Мысалы, ұйымдастырушының қылмыстан түскен пайданың көп бөлігін топ мүшелерінен жасырып қалғандығын айқындап, оны басқа қатысушыларға (топ мүшелеріне) білдіру. Мұндай әдістер өзге қылмысқа қатысушылардың шынайы көрсетулер беріп, тергеуден дұрыс нәтиже шығаруға көмектеді. Басқа, бір жағынан, лидердің, ұйымдастырушысының шынайы көрсетулері тергеу мен сот үшін үлкен мүмкіндіктер ашады, себебі лидер — топпен жасаған қылмыстар туралы максималды түрде хабардар адам. Егер ол көрсетуді шынайы түрде бере бастаса, тергеудің алғашқы сәтінде жауаптарын не тіптен көрсету бермеген қылмысқа да дұрыс жауап бере бастайды.

Жоғарыдағы айтылған мәселелер қылмыс ұйымдастырушысының (немесе лидердің) қылмыстық топтағы жоғары ықпалын куәландырады.

Қылмыс ұйымдастырушысы әрқашан қасақана ниетпен әрекет етеді. Оның қасақана ниетінің белгілері мынандай:

- а) өзінің өзге тұлғаларды қылмысты дайындауға немесе жасауға біріктіріп жатқандығын білуі;
- ә) оның басқаруымен әрекет ететін қатысушылармен жасалынып жатқан қылмыстың сипатын білуі;
- б) ортақ қылмыстық нәтижені көре білуі;
- в) осы нәтиженің болуын қалау.

Қылмысқа қатысудың әр түрлі формасындағы және жасаған қылмыстардың әр түрлі сипатындағы ұйымдастырушының қасақана ниетінің мазмұны әр түрлі болады. Кез келген жағдайда оның кімді басқарғандығын (жеке әрбіреуі міндетті емес) және оның ықпалымен қандай қылмыс жасалғандығын білген-білмегендігін дәлелдеу қажет.

Сондықтан қасақана қылмыс жасауды ұйымдастырған, топ құрған қылмыстың орындалуын басқарған адамды ұйымдастырушы деп санау қажет.

Сонымен бірге ұйымдастырушының қылмыстық іс-әрекетінің күрделі жағына қарай тағы да бір қатысушының түрін бөлуге қажеттілік туындауына байланысты бірнеше қылмыстық іс-әрекетті жасау үшін бірнеше топ құрып бір мақсатқа жету үшін осы топтардың қылмыстық іс-әрекеттерді орындауын басқарған адамды сыбайластық деп тану қажет. Осыған орай тұрақты топты басқарып бірнеше қылмыстық іс-әрекетті келісіп жасаса, сыбайластық деп тануды ұсынамыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Бурчак Ф.Г. Соучастие: социальные, криминологические и правовые проблемы. — Киев: Выщ. шк., 1986. — С. 137.
2. Орал қалалық сотының 2000 жылғы архиві.
3. Курс Советского уголовного права. — Т. 2. — М., 1970. — 369 с.
4. Быков К. Лидерство в преступных группах // Законность. — 1997. — № 12.
5. Джекебаев У.С., Вайсберг Л.М., Судакова Р.Н. Соучастие в преступлении (криминологические и уголовно-правовые проблемы). — Алма-Ата: Наука, 1981. — 148 с.